**Қаратоғай жалпы орта білім беру мектебінің Өзін-өзі басқарудың**

**2021-2022 оқу жылдың талдамасы**

Осы жылы парламент мүшелері бағдарлама бойынша жұмыс жасап келеді.

Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрлігінің 2020-2025 жылдарға арналған оқу тәрбие тұжырымдамасы негізінде өзін-өзі басқару органдарының "Мектеп парламенті" жобасын жүзеге асыру мақсатында мектебіміздің оқушылары арасында Мектеп Президентін сайлауы өткізілді.

"Дублер күні" Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың қабілеттерін іске асыру мақсатында Мұғалімдер күніне арналған "Дублер күні" іс-шарасында белсене қатысқандары Алғыс хаттармен марапатталды.

1 сәуір "Құстар күніне" байланысты арнайы іс-шара жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жасалды. 1-11сыныптар құстарды аялау тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді. "Құстарға үй сыйлайық" тақырыбында құстарға ұяшық жасау ұйымдастырылып, жақсы ұяшық жасаған оқушылар марапатталды. "

Әр адамның ойындағы, арманындағы бала қандай екен? Өмірге келгенде шынайы баланың мінезі кандай болуы мүмкін және тәрбиелеудегі ата – ананың рөлі бүлдіршін үшін қаншалықты маңызды екенін анықтау қиындық тудырмас. Бала тәрбиесіндегі алғашқы адамдар – бұл отбасыдағы адамдар, яғни ата – анасы болып келеді. Қазақ халқы бекер айтпаған «Баланың бас ұстазы – ата -ана». Сондықтан

ата –анасының атқаратын рөлі өте маңызды. Ата – ана бүлдіршіннің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Әр отбасыда сыйластық, түсіністік, жауапкершілік сезімдері болуы тиіс. Сонда ғана бұл отбасы – бақытты болып саналады. Тек бақытты отбасыда бала өзін еркін ұстап, тәрбиелі, салмақты, байсалды және ұғымпаз болып есейеді және отбасында көргенін жалғастырып, болашақта еліміздің тірегі болады деп сенімдемін.

Мектеп кітапханасында 9 мамыр Жеңіс күніне арналған "Ер есімі -ел есінде" танымдық көрме ұйымдастырылды.

Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай

"Ұлы Жеңіс жасасын!" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.

**Отбасым-бақытым**

Мақсаты:

-оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.

-Оқушылардың естес ақтау, ойлау қабілеттерін, тіл байлығын, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

-Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке,

ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, отбасы құндылықтарын сыйлауға

тәрбиелеу.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі: С.С Майташева**